

Қаржы министрлігі 30.06.1995 ж. N 41 ~V950079 бекіткен "Әлеуметтік төлемдер мен жер қойнауын пайдаланушылардың салықтарын есептеу мен енгізудің тәртібі туралы"
Нұсқаулыққа өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1996 жылғы 22 қаңтардағы N 19 бұйрығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 29 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 13.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне және Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 21.12.1995 ж. Заң күші бар N 2703 U952703_ Жарлығын орындау мақсатында жоғарыда аталған нұсқаулыққа мынадай өзгертулер мен т о л ы қ т ы р у л а р

енгізді:

1. II тарау. Әлеуметтік төлемдер мен жер қойнауын пайдаланушылар салықтарының мазмұны мен қолданылу аясы

мынадай мазмұндағы 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

"6. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі барлық контрактылар Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе өкілеттігі бар мемлекеттік органдар жер қойнауын пайдаланушылармен жасасқанға дейін Бас салық инспекциясында міндетті түрде алдын ала салық сараптауынан өтуі тиіс.

Міндетті түрдегі алдын ала салық сараптауын өткізу тәртібін Бас салық

инспекциясы бекітеді.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе өкілеттігі бар мемлекеттік басқару органдары мен отандық немесе шетелдік жер қойнауын пайдаланушылар арасында 1995 жылғы 1 шілдеге дейін жасасқан жер қойнауын пайдалану жөніндегі контрактыларда айқындалған салық салу шарттары олардың қолданылу мерзіміне сақталады.".

Министрдің бірінші орынбасары
Бас салық инспекциясының бастығы,
салық қызметінің бірінші дәрежелі
мемлекеттік кеңесшісі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК